

**Аңыздың жалғасы**

Қазіргі кезде елдің ескі өмірінен дерек беретін аңыз-әңгімелерді жинау, жариялау қарқын алып келеді. Мұның түпкі себебі тарихымыздың жабық жатқан беттерін, бұрын елеусіз қалып келген ұлт, тайпа, ру қайраткерлерін жұртшылыққа таныстыру ниетінен туса керек. Ұзақ ғасырлар бойында өзгеге тәуелді ел болғандығымыздан, өз тарихымызды зерттеуге мүмкіндік тұмай келгендігі белгілі. Енді жариялылыққа жол ашылған кезде бұрын қалтарыста жатқан, қомексі тартқан қонне деректерді қайта аршып алу қажеттігі қеміл. Ал осы тараптағы ізденістер мен жарияланымдар сипаты әрқилы екені маман тарихшы еместерге де айқын қорінеді.

Бұрыннан аты жазба деректерден белгілі адамдар, оқиғалар туралы қосымша мағлұмат беретін, түсініктерімізді байытатын, архивтік немесе ауызша айтылып келген аңыздарды бірінші топта алып қарауға болады. Содай-ақ бұл уақытқа дейін аты-жөні қопшілікке бұлдыр, кейде мүлде белгісіз болып келгенімен, тарихқа берер дерегі мен қерегі қумән тугызбайтын, нақтылығы, шындығы қонілге қонымды аңыздарды да осы топқа жатқызу ләзім. Бұллар бұлған дейін қорытылған ойлар мен тұжырымдарға тын дәйектемелер қосады, тарихи ұғым аясын арттыра түседі. Ғылым орісін қенейтетін де, тын пікірлер ұсынуга негіз болатын да, бейнелеп айтсақ, осындай аз да болса, саз, қысқа да болса, нұсқа создер.

Сонғы жылдарда баспасоз бетінде, кейде кітап болып таралып жүрген аңыз әңгімелердің екінші тобы туралы «міне жаналық» деп айту қиын. Жаналық деген созді бұл арада қолдану тым ерсі болар еді, оларды жана былық деп атасақ, ақиқатқа жақынырақ қелмек. Мұндай аңыздардың ерекшелігі – ішінде табан тірерлік бір де бір қужаттық тұғыры болмай, «пәленше екемнің жадында қалған» екен дегендей ауызша тараған создер болып қелетіндігі. Ондай создерді жиып, жариялаушыларға он ғасырыңыз он-ақ аттамдай қорінеді, ғылыми принциптер шартымен мүлде ісі жоқ, шарықтаған қиялы қай жерге жетсе, сол жерге барып тоқтайды. Олар осыдан екі-үш ғасыр жасаған белгілі бір рубасыларды мын жыл бұрынғы бір-ақ апарады. Ауыл

арасында шокпар котеруге жарағандарды бас батыр немесе хас батыр деп мінездеп, казак халқының ары мен намысы үшін күрескен ұлы батырлар қатарына апарып қояды. Бір тайпаның атасы боп саналатын белгілі бір байды асқан қолбасы, заманының данышпаны ете салады. Екі ауыз сөздің қисынын келтіріп, дау-дамайда торелік айтқан, аулына, аумағына мәлім болған шешендерді аты аңызға айналған Жиреншенің қасына жақындатады. Төкпе ақындыққа қабілеті бар, өз онірінде азды-қопті құрметке ие болған олаңшыларды Шалқиіз жырау мен Бұқар жыраулар тізбегіне қоса қояды. Міне, осындай «тамашаларды» қорып, сезіп келе жатқанымызға бірнеше жылдың жүзі болды. Өлгіндей зерттеушілердің жансақтығын қорсетіп, сын жазып, дұрыстыққа шақырғандарға «тайпа тарихшылары» айылын да жимайды, белгілі бір ауыл, аймақтың «сұранымы» осы деп, кітаптан сон кітап шығарады. Анықтық үшін айта кетелік, аңыздарды жинау да, қадір тұту да керек. Бірақ ол тарих емес, ел қиялы өсірелеп өкеткен ауыз әдебиеті шығармасы деп қарасақ керек. Ал аңызды тарихи шындық деп ұсыну барлық жағынан да зиянды құбылыс. Бұл өз алдына үлкен әңгіменің тақырыбы.

Біздің сөз етпегіміз тарихи орны құмәнсіз, бірақ әлі де болса, шын тұлғасы жеткілікті танылмай жүрген, аңызы мен ақиқаты аралас келетін ұлы батырларымыздың бірі – Ағыбай жөнінде жиналып, хатқа түскен деректердің мәні жөнінде. Рас, бір есептен былай тұжырым айтуымыз артықтау да болып естілуі мүмкін. Ағыбайдың казак халқының соңғы ханы, қолбасы, кеменгері Кенесары бастаған азаттық күресінің ақырына дейін саптасы болғаны тәуелсіздік туын қолынан түсірмеген табанды батыр екені зерттеулер мен мақалаларда аталмай жүрген жоқ.

Аса қорнекті казак жазушысы І.Есенберлиннің «Қаһар» романында да Ағыбайды сипаттайтын тартымды беттер аз емес. Дегенмен Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың мән-жайы әлі де талай-талай зерттеу тақырыбы болуға лайық екені сияқты сол қотеріліске саналы түрде жан-тәнімен беріліп, қызмет еткен, азаттық идеясымен жалындаған Ағыбайдың нұрлы тұлғасы халқымыз тәуелсіздік деген ұлы мұраттың қасиетін терең түсінетін болған сайын асқактай беретіні құмәнсіз.

Ағыбай жөніндегі аңыз-әңгіме, олаң-жыр жинағы «Ақжолтай Ағыбай батыр» (Жезқазған, 1992) деп аталады. Жинақты құрастырған, алғысөзін, түсініктемелерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Марат Әпсәметов. Кітапты оқып шыққанда ел бостандығы жолында жаным құрбан деп атқа қонған, мансапқа, байлыққа қызықпай, тура бетінен таймаған эпикалық батыр бейнесі қозға елестейді. Ел аузынан жазып алынған, кейде өсіреленген әңгіменің кез келгенін болып өткен істің көшірмесі, анық ізі деп қарамаймыз. Халық өзі сүйген қаһарманының басына дүниедегі ең жақсы қасиеттерді үйіп-тоғіп беретіні белгілі. Ойткені шын батыр мен қара құш иесі, табанының бүрі жоқ пайдақұнемдердің айырмашылығын халықтың қырағы қозі қапысыз таниды, ер кім, «ершік» кім екенін ажыратады. Осы себептен Ағыбай батыр жайында айтылған

киялы аралас әнгіменін ерекшелігін де есепке ала отыру қажет. Сонда ел Ағыбайды қалай, не үшін дәріптейді? Мұны аңыздар мысалымен әнгімелесек, қызық-қызық ұғымдар шығады.

Эпикалық жырлардың дәстүрін аңыз сарынынан да көреміз. Бұл Ағыбай шыққан шұбыртпалы руын билеушілерді мадақтаулардан да байқалады. Бұл елдің бұрынғы әміршісі Хана би жасы сексенге келгенде өзінің орнын басқалы тұрған жас жігіт Бекежанға бата беріп, «мінезін қара жердей ауыр болсын, құлағын тебінгідей сауыр болсын, арқан қара нардай жауыр болсын» деп тілек-бата айтыпты-мыс.

Сол Бекежанның баласы Әйеке де жұрттың сөзін ұстаған айналасына әйгілі адам болады. Бұл арада аңыздың айтпағы тектіден текті туады деген ұғымға сайса керек. Енді бір әнгімеде Ағыбайдың анасы Қойсана Абылай ханның ту ұстаушысы Байгозы батырдың қызы екені айтылады. Қойсананың қайраттылығы былай сипатталады: «Ағыбайға екіқабат күнінде көшіп келе жатқанда алты қаракшы көшіне тиіп, жалғыз әйел ұрыс қып, қолындағы бақанмен алтауын ұрып түсіре береді. Жау бірін-бірі сүйеп, әйелден жеңілген сон біреуі тұрып, «Қояйық, бұл әйелдің күші емес, ішіндегі арыстанның күші ғой» деген екен». Осы аңыздың ақырында Қойсананың ешкімге бой бермеген асау атты жуасытып, жүгендеп мінгені айтылады. Осылай ел анызы Абылайдың алыптығы анасынан дарыған дегенді мензейді. Қара сөзбен айтылғаны болмаса, нағыз классикалық эпоспен үндес шығып тұр.

Эпикалық жырлардың құрылысында қаһарманның ерлігін сынау, жеңіске жеткізу күрделі орын алады. Ағыбай да осындай оңерімен ерте көзге түседі. Ол батыр үшін шарт болып саналатын, «күресте жығу, аударыспақта басым түсу, садақ тартқанда күралай көзіне тигізу, күрықпен, шокпармен оңер қорсету, асау атты үйрету, бұркітпен түлкі алу, атжарыста мәреге алғаш жету, қылыштасуда көзге түсу, найзаласуда жауын қанбақтай ұшыру, найза атуда нысанаға дәл тигізу» секілді сындардан мүдірмей өткі тиіс болған. Ағыбай сайыста ешкімді шак келтірмейді, тіпті Кенесарының өзін де жеңеді. Өзге мәнбелердің ешбірінде сақталмаған бұл «күпияны» аңыз ғана ұмыттырмаған. Ауыз әдебиеті, тіпті, ресми тарихқа түспеген мағлұматтарды бере алады дейтінге бұл да дәлел. Қокан билеушісінің Қасымхан балаларын арамдық жолмен жоймақ ниеті, оздеріне елшілікпен келген Есенгелді, Саржандарды опасыздықпен өлтіргендері де аңыз түрінде айтылып келген. Қокандықтардың кісәпір әрекетінен Ағыбайдың қалай күтылып шыққаны туралы аңыздама осы оқиғаға жана дерек қосады. Ресми тарихи құжаттарда Ағыбай Кенесарының қарауындағы батыр деген сөз ғана қайталанған айтылады, ел арасында бұлардың өзара қат-қабат қайшылықтарын сипаттайтын аңыздар да сақталған. Бұл – аңыз түбінде тарихтан бетер тарих бар деген қағиданы дәлелдей түседі. Кенесарының мінез қырларын ашатын әнгімелер аз еместігі байқалады. Оның сабырлылығы, қандай қиын істің түсында да әділдікке жығыла білетіндігі сездіріледі. Мәселен, Ағыбайдың інісі

Шынбай Кокан батырын жекпе-жекте олтіріп, жүйрік атын жетелеп алып келіп, Кенесарыға тарту етпек болғанда хан ол сыйлықты алмайды, «Жарайды, балам, өзін мін, ешкімге берме» дейді, «Ердің алғашқы олжасын өзіне берсен, екінші жолы бата кимылдайды» дегенді ойлайды. Наурызбайдың сан жоорықта мінген ақауыз атын Ағыбайға түрікпен батырының аты екен деген аңыз калыпты. Бұл да Ағыбайнамаға қосылған бір тарау тәрізді. Ағыбайдың батыр ғана емес, кезі келгенде шешендігі бар адам екендігін де аңыз толықтырады. Бірде ол: «Мен де кісі, бай да кісі. Сонын бәрі жай да кісі, Жау келгенде қайда кісі» депті дейді.

Кенесары, Наурызбай «ел шапты, кейбірлерге зәбір қорсетті» деген сөздер бір кезде олар бастаған ұлттық-азаттық қозғалысты қаралауға байшыл-феодалшыл әрекет деп жазғыруға сылтау болған. Қандай үлкен оқиғалардың да ішкі қайшылығы болатыны белгілі, досқа досша, дұшпанға дұшпанша қарау күрес-тартыс атауларының шарты.

Дүниені жалмауызша обып жатқан патшалық-басқыншылық саясатымен қатар қазақ арасынан алауыздық шығаруды да әдемі ұйымдастырған ғой. Қазақтың кейбір руларын Кенесарыға қарсы айдап салып немесе қотерілістің мүддесіне залал келтіретін іс жасап тұрып, олардың арасын ұшықтыра түскен. Сондай бір оқиғаның ақиқатын да сөз болып отырған кітаптан табамыз. Халық ақыны Досқей Өлімбаевтің аузынан жазып алынған әңгіменің бір үзіндісін келтірейік: «Қазаққа Николай патша қорлық қорсетті, оған қарсы шығу үшін, біз елдің басын қосып, батырларын жинап, соғысқа дайындалып жатырмыз.

Сен де бізге қосыл, қаруланып, жарактанып кел, қазақ ұранды елдің намысын жақтаған ұраннан сырт қалма» деді Кене. Өлі Кененің бұл тілегіне қолбеді. Қол бермеді. Қайта барған ел жігіттерінің бірнешеуін ұстап алды. Бұл ашуланған Кене он төрт мың қол, он төрт түмен Өліге барып, оның еліндегі патшаның сойылын соққандарды жапырып, жаншып, шауып алды. Кене хан «Өлінің елінен алған барша мал-мүлкті нөкерлердің өздері алсын, хане қазынасына салынбасын» деді». Бұл әңгіме бұрынғы кейбір еңбектерде Наурызбайдың бейбіт жатқан бір ауылдың адамын олтіріп, жылқысын шауып алды делінетін тұжырымның біржақты екенін, мәселенің түбірі терініректе екенін білдіреді.

Ағыбай атына байланысты әңгімелерде бұрын хатқа түспеген соны деректер кездеседі. «Кененің әскері Қокшетауға Бурабайға орнықты. Қокшетаудың Оқжетпес биігіне Кенекен шықты... Кенеің әскерлеріне азық тасыған жолды «Арпа жолы» деп атаған. Кенесары Бурабай тауында ит жүгіртіп, күс салып, аң аулап жүргенінде бір биік жартастың үңгіріне түнеп жүреді екен. Сонан ол үңгір «Кенесары үңгірі» аталып кетті. Тарихи құжаттардан Кенесары «Қазақ жеріне қамал салдырмаймыз» деп патша әкімдерінің бірнеше бекінісін

киратканы белгілі. Әсіресе, Акмола бекінісін алу кезінде Кенесарының және оның жау жүрек батырларының керемет ерлік қорсеткені ел есінде берік сақталған. Бұл жөнінде ел әңгімесі томендегіше сабақталады. «Кененің қаптап келе жатқанын естіген Акмоладағы Құдайменденің Қоныр төре, дуанбасы Ыбырай, Шорманның Мұсасы, Жамантай Төре, т.б. казак-орыс бастаған Николайдың адамдары Кенеге қарсы Акмоланың күнбатыс жақ (Жекей қаласы дейді) шетінен қорған соғып, оздері қорғанның ішінде паналамақшы болды. Қорған соғылды. ...Кененің әскерлері Акмоланың күнбатыс жағынан келіп тиді. Кененің келуін тосып жатқан таяу елдегі Тілен батырдың 500 әскері Кенеге қосылды. Сансыз қалың әскер Акмоладағы жауыз патша Николайдың он қоздырмен казак-орыс сұмырайларға садақ тартты. Камал соғып, бәрік бекінген жау мызғымады. Кененің ақылғой қолбасшысының бірі, тапқыр білгіш айлакер жолшыл ері Шұбыртпалы Ағыбай батыр еді: «осы қаланы мына сарттар казак-орыстың шапандарын киіп алып, май жағып, от тұтатып, үйлердің үстіне тастайық. Содан қала ортенеді. Камалдағылар еріксіз шығады. Оларды сонда жасытармыз» - деді... қала алай-түлей орт, айқай-уықай, у-шуга толды. Соғыс тынбастан бір жетідей болды... кененің қалың әскері Құйгенжардың басында шатыр тікті».

Бұл әңгіме тарихи оқиғаның тізбегін дәлме-дәл бере алмауы мүмкін. Сонымен қатар бұл сөздер шындықтан жырақ та кетпегеніне күмән келтіру қиын.

Кенесарының қырғыз жеріндегі сәтсіз, қасіретті соғысының біз қайғы ақырғы сәтін ғана білеміз. Ал сол данышпан ел қосемі Кенесарыны осындай алмағайып, қатерлі қадамға не итермеледі дегенді қоп талдай бермейміз, салдарын айтып, себебіне бармаймыз. Мына бір үзінді айту Кенесарының қырғызға жорығы басқа амал тауычылғандықтан болған нәрсе екеніне сендіреді: «Сарыарқаға күн сайын қаптап келген солдаттар Кенеге тыныштық бермеді. Кене ешбір жерде түпкілікті қоныс теуіп, тұрақтай алмады. Кене Алатауға бет түзеп, қоныс аударды», қырғыз бен казак халқы бір туыс еді, казактың басына туган қаралы күн саған да келеді. казак халқын Николайдың талау қысымынан босатуға жәрдем бер» деді. Бұл патшамен ауыз жаласып қойған қырғыздың Орман, Хантай деген манап-бектері қоне қоймады. «Бізге орыс келіп тиген жоқ, казактың жер ауып, қанғырып келген төресінің сөзі қерегі жоқ» деп барған елшіні ұстап алып, қинап өлтірді. Кенесары бұл қорлыққа шыдамай, қырғызбен соғыс салды.

Кенесары, Наурызбай, Ағыбай туралы аңыздар олардың түлғасын әр қыранан сипаттайды. Шындығына келгенде тарихшылар, жазушылар айта алмаған ақиқатты халық шығармашылығы талдап та, бағалап та қойғанын қореміз. Жасы 120-ға келген абыздың Ағыбай мен Наурызбай жөнінде сын сөздері нағыз сәуегейлік болып естіледі. «Ағыбайым, сенің ұраның артында қалады, - дейді қарт абыз, - өз ұраныңды өзін естірсін, Бағынның тобы желкенде екен. Наурызбай, менің жасым 120-ға келіп отыр, осы жастың ішінде сенен артық ер қормедім, үш нәрсенің сырттаны бар еді: иттің, қасқырдың,

жігіттің. Сен жігіттің сырттаны екенсін, бірақ адам баласына мейірімін жоқ екен, бағын мандайында ғана екен, гүмырын қысқа, 20-25 тен аспассын, дүниеден арманда қалма». Кенесарының корген түсін Ағыбайға айтып, өзі жорыған жері де абыз сыншының айтқанымен үндесіп жатыр. «Осыған орай мен де бір түс кордім, дейді ол Ағыбайға, Түсімде қосе, сен екеуіміз арқаласайық, қайсымыздың бағымыз жөнер екен деймін. Өуелі кім арқалайды десем, «сіз ел агасы хансыз, сіз арқаланыз» дейсін. Мен сені арқаламай алдыммен қотерем, кезек саған келгенде, мені сен қаптағы тезекше иіріп, арқана салып алдың, мен үш жүзге хан болмасам да, Орта жүзге хан атым бар ғой. Сенін бағын артында қалды. Сен мынбасы адамсын, алдыммен қотеруім – біздің бағымыз мандайымызда, артымызда қалатын бақ жоқ, өзімізбен бірге кетеді, болмаса сені де мен арқама салып алмас па едім». Ауыз әдебиеті шығармаларында небір кесек адам түлгалары, боямасыз ақтық сырлар айтылады дегеннің тағы бір мысалы осы.

Халық тарихи қаһарманның тіліндегі сөзді ғана емес, көніліндегі сырды да асқан қорегендікпен, бұқпесіз баяндайды, бұл сөздер әлдекімдерге үнамай қалады екен-ау деп шындықты айналып отпейді. Нағыз өмір ақиқаты ғана адамдарға адал тәрбие беруге қабілетті. Кенесарының Наурызбайға өмірінің ақтық сағаты алдында айтқан сөзі деген өленді ханның аузынан жазып алға ешкім жоқ секілді. Бірақ осы сөздердің Кенесарының аузымен айтылуға тиісті екені күмән тугызбайды, әрі тарихи шындықтың ұлы желісінен алыс кетпеген мұнды шер. Кенесарының қыр сонына түсіп, Ресей отаршылдарының көнілінен шығуды, мансап иеленуді, қоздегендер ол заманда тіпті көп еді, халық қаһарманының көн байтақ туган жеріне сыйғызбаған тек патшаның әскерлері емес, оның дүшпандарының қатарында Абылай өулетінің небір шынжыр балақ, шүбар тос өкілдері де болған. Басқаларын айтпағанда Абылайдың ұлы Өәлиден тараған ұрпақ түгелдей дерлік Ресей патшасының сойылын соғушы болғаны мәлім. Оның үстіне көптеген мансаққор торелерді, күл болсақ та тоқ жрейік дейтін дүниеқоныз байларды қосыңыз. Осындай адамдар Кенесары «одақтасым, тілектесім болар-ау» деп сенген Жетісудан да табылды. Қарапайым халық ұлт-азаттық күресіне іш тартқанымен, бұл өлкенің атакты адамдары Рүстем торе мен Сыпатай батырлар мәселеге өз тобешігінің биігінен қарады, олар Ресей аждаңасымен ондаған жылдар арпалысып, күші азайған Кенесарылардың қисайған жүгін түзеуге емес, орға күлатуга атсалысты. Олар өздерінің ойын қалайша жүзеге асырғанын тарихтың өзі қорсетті ғой. Сондықтан аты белгісіз ақынның аузынан шыққан, Ағыбай монологы секілденіп берілген сөздер шындықтың өзі болып естіледі.

Айналайын, Науанжан,

Ақылға дарқан зерегім,

Таска салса кайтпайтын,

Жетесі кұрыш беренім,

Бакытын бастап жүргенде,

Аскар таумен тен едін

Неше күндей ізденіп,

Білмедім Кене ханнын дерегін

Айналайын султаным,

Жолдас болып жасымнан

Козімнін майын жеп едім,

Хак ісіне амал жок,

Казам жетіп олгенше,

Айырылмаспын деп едім.

Алатауга барганда,

Жер шарысын коздедім,

Комек кылган коп Дулат,

Калмастан тегіс кетіпті,

Байкадым оны ізбенен.

Кокиланган кыргыздан

Дулат кылган кауіпті.

Айналайын, Науанжан,

Дулаттын беті ауыпты.

Орыс пенен коканга

Күл болып, үран беруге

Дулаттын жонін тауыпты...

Кенесарыны кыргыз жерінін бір түкпіріне, күрдымнын аузына алдаркатып апарып, азгантай адамдармен түткында калдырып, конілі тынгандар дүшпан түзагынан сытылып шыккан Агыбайды ұстап алмак болганын да ел анызы куәландырады. Азаттык деген арманы орындалмай әрі канды койлек досынан, косемінен айырылып, жүрегі жаралы, конілі капалы болган Агыбайды аулына келген бетте Аркадагы ежелгі жаулары мүкатпак болады. Алла жар болып, Агыбай патшалыктын итаршысы Ыбырайдын да зүлымдыгынан да аман калады. Классикалык эпостагы жаудан жеңілмейтін батырдын бергі замандагы түлгасын халык киялы Агыбай басынан тапкандай...

«Сыздык торенін айтканы» деп аталган карасозі, олен аралас аңыз-әнгіме азаттык үшыін күрес эпопеясынын акыргы түсындагы бір коріністі, атап айтканда, Наурызбай өмірінін сонгы сагаттарын аса терен, мәнді етіп баяндайды. Мүндагы олен гажайып сүлу баллада секілді. Кыргыз акыннын олені деп берілген бұл шыгармада Кәрібоз колга озі келіп түскен Наурызбайды айуандыкпен азаптап олтірмей, түткынга күрметпен карайды, тіпті, «еліме кайтам десен, ерік беремін» дейді. Оган Наурызбайдын берген жауабы томендегіше:

Сіздерменен жау болып,

Алатауга таластык.

Косындап әскер шыгарып,

Жыгамыздан карасатык.

Бір киеге ұрынып,

Жолымыздан адастык.

Карангы түнде дүбірлеп,

Алатаудан біз астық.

Озімнің басым аман боп,

Кененің колда қалғанын

Көре алмадым жарастық.

Он жеті жасқа келгенде

Алшып атқа мініп ем,

Жаксылы, жаман дүниенің

Тамашасын көріп ем,

Басымнан бақ тайған күн,

Хан Кенені ізденіп,

Алдарына келіп ем.

Бастан ауды бағымыз,

Сойледі тіл мен жағымыз.

Мәлім шығар тәнірге,

Кара менен ағымыз.

Кәрібоз, маған жауап бер,

Осы күнде аман ба,

Ержан менен ханымыз?

Хас батыр Наурызбайдың жанындай жақсы көретін Кенесары мен Ержанды осылайша тебірене іздеуі мейлінше табиғи. Бірақ Кенесарының тағдыры аса қатал тағылық үкіммен шешіліп қойғанын, Кәрібоздың іркіліп бөгелгенінен-ақ сезген Наурызбай дүниенің теріс айналғанын ұғып, арманды шерін жалғай түседі:

Он жеті жаста ат міндім,

Жал-күйрігын сүздіріп,

Өуре кылды дүние

Жер дүниені кездіріп,

Атам Касым айтканы

«Жын салкыны – батырлык».

Акыры болдым мінекей,

Туысканнан бездіріп,

Аганы іні коре алмай,

Күдерімді вздіріп...

Дүниенін білдім жалганын,

Уа, дарига дүние

Көнілімде көп арманым

Бас-аягы тоғыз жыл

От болып, лаулап жанганым

Он екі мындай ауыр кол

Ертіп алып касыма,

Алатауга таласып,

Кыргызга ойран салганым.

Шыгасыга себеп боп,

Болмашы жерден дак түсіп,

Кенекемнін колда калганы,

Кенені іздеп мен келдім,

Озімнін мундай болганым.

Аткан окка Тәшкендей,

Кенекем еді корганым.

Кайран сабаз Ержекем,

Ертіп алып қасыма,

Алатауга таласып,

Кыргызга ойран салганым,

Шығасыга себеп боп,

Болмашы жерден дақ түсіп,

Кенекемнің колда қалғаны,

Кенені іздеп мен келдім,

Озімнің мұндай болғаным.

Атқан оққа Тәшкендей,

Кенекем еді корганым.

Кайран сабаз Ержекем,

Шырайы еді-ау орданын

Осылардан айырылып,

Мін емес пе Кәрібоз

Аркага менін барғаным.

Алдыма түскен ханым жок,

Артыма ерген ханым жок.

Неде болса Кәрібоз

Енді мені кинама,

Орданда енді калғаным.

Колында жатып коремін,

Жараткан хактын салганын.

Бул создөр кандай да болмасын драмалык шыгарманын шырайын келтіретін арманды, аскак толганыстар. Ен гажабы – бул жырдын шыгарушысы кыргыз акыны делінуі. Бул арады кыргыз халкынын дана, мейірбан ойы, шын болмысы корініс бергендей. Кенесары мен Наурызбай – катал тагылык жазамен азапталып, олтірілген деген, казак пен кыргыз арасына кен тарап кеткен әнгіменін есесіне адамшылык жаршысы – акыннын осылайша жыр таратуы күрметпен карауга лайык. Туыс халык акынынын олен-толгау аягын:

Асыл туган Наурызбай,

Оз иманын озі айтып,

Акырет сапар женеді.

Үсталганы болмаса,

Кыргыздан каза тапкан жок

Оз бетінен оледі... –

деп бітіруі кыргыз елінін адамшылык биігін томендетпей, әрі аскан батыр Наурызбайга оз тарапынан мадак айткысы келгендігенінен деп түсінуге болады. Калай дегенде де мына жырды толгаган кыргыз акынынын орісі капыда алданып, адасып колга түскен Кенесары, Наурызбайды, олардын батырларын азаптап олтіргенін әлемді жапырып татагандай мактаныш санап, оздерінін Ресей империясынын күлдыгына түскендігінін корлык екенін сезбеген тар ойлы, «жалган патриоттардан» анагүрлым биік түр. Мына оленде кыргыз жыршысы Наурызбайдын аузына «бір киеге ұрындык» деген создөрді салып-ак екі агайын халык арасындагы татулыкка дак түскеніне окініш белдірген, трагедиянын түп-торкінін адамшылык түргысынан айткысы келген. Мүны кыргыз

халқының шын лебізі деп қарауға болады. Ақын үлкен суреткерлік талантын танытқан, сыйл ерлер трагедиясын жаны ауыра отырып жырлаған...

Ағыбай тағдырының Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыспен біте қайнасканы соншалық – олар туралы әңгімені жеке дара айту қиын. Бұлардың қай-қайсысына да айтылған сөздер бір арнаға сарқып құя береді және ол аңыз ешқашан таусылмайды. Ойткені мұның бәрі қазақ халқының азаттығы туралы мәңгілік арманның ұлы желісіне жалғасатын сырлар мен мұндар.

Ағыбайдың үйсін Болтірік батырдан күші, айласы басым болса да, екі рет сайысканда да олтірмей, аман жібергені халық қамын кен ойлайтын парасаттылығын көрсетеді. Ағыбай «Қазақтың арын тоғип не қыламын» деп мәрттік танытады. Бұл аңыз да халық бірлігінің қажеттігін аңсаған арманның белгісіндей.

Аңыз әңгіменің тағы бірі – «Ағыбай батырдың Түркістан соғысына қатысуы» деп аталған екен. Бұл аңыз тарихи шындықпен үйлесе ме, жоқ па, ол жағын тарихшылар анықтай жатар. Бірақ бұл ақиқаттан зият аңыз. Қасиетті Түркістан шаһарын жау әскерлері қоршап тұрғанда ат тұяғы жетер жер болса, Ағыбайдың келетіні кәміл. Ойткені ұлттық-азаттық мұраты оның бүкіл өмірінің мазмұнына айналған ғой. Ол – қазақ елдігі үшін саналы түрде шайқасқан шыққан соңғы батырлардың бірі. Осындай қылы батырлардың қатары дүниеден өткен соң ғана қазақ жұрты жаны шыққан денедей сұлқ түскен, намысын жойған, әр бұтаны паналаған қояндай «бәледен қашып» күн кешкен. Түркістан, Иқан үшін соғыс Ағыбай өмірбаянының ең қасиетті беттерінің бірі. Осы аңыздағы ғажап сұлу әпсана – Ағыбайдың қорғаныс түсі. «Тан ата зенбіректердің күрсілі естілді. Қазақ әскері зор ерлік көрсеткенімен, көп шығынға ұшырайды. Себебі – зенбіректердің аздығынан. Ағыбай жараланып, есінен танып құлаған екен. Құлаған жерде Ағыбай түс көреді. Түсінде хазірет сұлтан аян беріп, «Ақжолтай батыр, келген жерің осы, батырлығыңның біткен жері осы. Найзаның орнына құран ұстайтын кезің келді. Осы жақын жерде Қошқар атаның суы бар, сол саған ем болады, жараларың жазылады» деп айтқан екен. Ағыбай есін жинап қараса, айнала тып-тыныш, әрлі-берлі жүрген шырақшыны шақырып алып, «Қошқар-Атаның қасиетті суың әкел» дейді. Ем алған соң, Ағыбай жергілікті Қонырат батырларын жинап, Иқан деген жерде орыс әскерімен майдан ашып, соғысқан екен.

Ағыбайдың данқа болуы тек қара күштің молдығынан болып қорықпайды. Ол әрдайым әрбір ісін ақыл таразысына салып, парасатпен шешіп отырған. Барак сұлтанмен сайыста жеңіске жеткен Ағыбай қарсыласын аулына қонақ болып қайтуға шақырады, ақыр-аяғында құдандалы болып туысады.

Кенже інісіне Агыбайдын «көзі тиіп» кайтыс болганда кайгылы батырга Балта акыннын коніл айтуы эпикалык кабарман тұлгасын коркейте түскендей болады. Жүбату олен мәтіні мынау:

Алла ісінде бұзык жок,

Олмесін деп әзелде

Жазып койган сызык жок.

Үлы олмейтін Үрымда жок,

Кызы олмейтін Кырымда жок.

Катыны олмейтін халыкта жок.

Өсте олмейтін тарихта жок.

Койын толы саф алтын

Саркылмаган кайда жок,

Кабындап келген кайгыдан

Тіріге тиер пайда жок.

Елге пана Агыбай,

Жерге пана Агыбай,

Ердін ері емес пе едін,

Егеудін сыныгы емес пе едін

Котер бері басынды,

Кайгы жейді жасынды.

Агыбайдын басына дәулет «квсы» конган деген аңыз да кызык. Батыр картайган кезінде ауыл сыртындагы тобеде отырганда басына бір бозторгай келіп конады. Сол кезде Агыбай басынан откен бұрынгы бір әнгімені айтыпты. «Кенесары бәріміз сегіз мың колмен келе жатканда бір бозторгай айналып вшып еді, сонда Кенесары: «токтандар, дәулет квсы деген болушы еді, біреуіне конайын деп жүрген шыгар» деді. Сонда торгай вшып-вшып келіп, менін басыма конып еді. Кенесары: «хан десе маган конбай ма, торе десе, Наурызбай саган конбай ма, косеге келіп конды гой» - деп еді. Енді міне, тагы конып отыр, орда бұзатын уакытым отті, бөлкім дүниеден кош айтысатын уакыт таяп калган шыгар». Бұдан халык Агыбайдын неше алуан сұрапыл окигалардан аман отуін онын басына конган «бактан» деп білгені ангарылады.

«Акжолтай Агыбай батыр» деген кітапта Кенесарынын кыргызбен согысынын күрделі себептері кейде аңыз, олен енді бірде баяндау түрінде берілген. Көп квжаттарда кыргыздын Кенеге оштесуі Наурызбай Канайдын моласын бұздырганнан кейін оршіп

кеткен делінеді. Бул рас мәселе. Бірак «мола бвзуды» бастаган – кыргыздар жагы екенін де ескермеуге болмайды. Кыргыз жагы бірінші болып казак Андастын моласын кираткан екен. Бул окиганын тарихын Наурызбайдын Кәрібозга айткан создәрінен коруге болады:

- Жаксы айтасын, Кәрібоз.

Тату едім сенімен.

Конысты орыс алган сон,

Кенекем кеткен жерінен...

Он екі кісі жібердік

Бекбатырдай еріммен

Бізге коныс берсін деп,

Кокидын салган колінен...

Жаманкараны олтірдім....

Озіннін салган жолынмен...

Канайына мен кылдым

Кекті болган шагымда,

Менін акын бар ма еді,

Андасымнын тамында?..

Зерттеушілер бул такырыпка талай рет кайта оралатын болар. Сонда істін нагыз аныгы айкындала түсер. Откен окига кайтып оралмайды. Кенесары таргедиясына себепкер болган казак, кыргыз шонжарларынын нактылы «кінәсі» де айтылар. Бірак мунун бәрі бәле басы болган Ресей баскыншылыгынын кылмысын колегейлей алмайды. Түпкі жау – отаршыл Ресей империясы экенін кыргыз, казак елі түсініп жеткенге дейін мундай «кінәласу» жалгаса бермек. «Пенделерім бір-бірін айыптайды, бірак бәрін ұйымдастыратын озім гой» дейді экен шайтан. Міне сол шайтаннын токсан тогыз айлалы сумдыгын ескермей, туыскан халыктардан жау іздеу, шындыкка апармак емес.

Агыбайдын саптас серіктерінен айырылып, жан-жактан кұрылган тоскауылдан откеннен кейінгі коніл күйі онын:

Кенесары кұрдасым,

Бірге туган сырласым,

Арыздаспай айырылыстык,

Акыретте кимасым

Наурызбай беренім,

Кайратты туган ер едін.

Мандайыннан иіскеп

Кош, Наурызжан, демедім, -

деген создерінен анық ангарылады.

«Койшынын ертегісі» деген тарихи поэмада Ағыбайдын асқан ерлігі аңыз сарынымен аскак жырланады.

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,

Тен келіп карсыласар ер болмаған.

Ағыбайдын үш жүзге данкы кетіп,

Ол кезіп, ол бармаған жер болмаған.

Ал «Наурызбай – Каншайым» деген жырда Ағыбайдын жекпе-жек ұрыстагы ерлігі шебер бейнеленген.

Сол уақытта екеуі,

Карсыласып барысты,

Аттарына камшы ұрып,

Колына найза алысты.

Карсыласып калганда

Найзаларын қағысты

Ағыбай кылды хайласын,

Балтамен ұрып сындырды,

Шанышқан шалдын найзасын...

Ағыбай туралы аңыз әңгіме жалгасы жазба әдебиетте де ұласып келеді. батыр бабаға көптеген ақындар олендерін арнаған. Сонын бірі Сырбай Мәуленовтің «Ағыбай күмбезі» деген олені. Осындагы:

Екпені тау селіндей сарқыраған,

Кас дұшпан үрейі ұшып калтыраған.

Колында шолақ найза қол бастады,

Астында Актангер ат арқыраған.

Тулаған талай жауы тақымында

Ерекше жаратылған батыр тұлға.

Алыстан мәнмұндалап шақырғандай

Мазары Ағыбайдың жатыр қырда.

Баяғы сарынындай қанды жорық,

Қаратал күркірейді жарды соғып.

Батырдың зәулім биік мұнарасын,

Тұрғандай торуылдап, жауды шолып.

деген жолдардан Ағыбайдың ұлы бейнесі елес бергендей.

Қазақ прозасында бұл тақырыпқа қалам тартқан қорнекті жазушы сатирашы Жүсіп Алтайбаев еді. Оның «Ағыбай батыр» повесі кейбір әсіре белсенді баспагерлердің қырсығынан ұзақ жылдар баспа жүзін қормей, 1996 жылы ғана жарияланды. Баспасөз комитетін басқарған К.Зікірияновтың және оның шаш ал десе, бас алатын жүлқынды орынбасары М. Мамажановтың тікелей қараулығы салдарынан оқушы жұртшылыққа аса керек шығармаға қиянат жасалғанын білеміз. Қоз майын тауысып жазған кітабының жарыққа қор алмай, Жүсекен, Ж.Алтайбаев бұл пәніден отті. Оның ажалына сол кездегі баспасөз комитетіндегілер тікелей себепші болды десек, артық айтылғандық емес. Жүсекен бір кездескенде: «Ағыбай есімі елде аса данқты, осы батыр туралы неге жазбайсындар» дегенді талай рет есіттім. Ақырында Ағыбай жоніндегі материалдармен танысып, оның үстіне елден естігендерімді қосып, бір шығарма жаздым» деген еді: Жазушылар одағының проза секциясы да, Қазақстан академиясындағы тарихшылар да «Ағыбай батырды» баспаға ұсынуды қанша қолдаса да, «қоздың жасы, жүректің қанымен ішкі мұздын жібітуге болмайтын» болымсыз жандар шығарманың жарыққа шығуына қесір келтіріп-ақ бақты. Повестің қолжазбасын алғаш оқығандардың бірі мен едім. Қолжазба мен мына басылымның айырмасы үлкен. Заман өзгеріп, жариялылық кезеңі туса да, баспагерлер «Ағыбай – Ресейге қарсы азаттық үшін күрестің қаһарманы» деген сөзден үрей ұшып кеткені байқалады. Қолжазбаның алғашқы нұсқасы қол қысқарған. Қолымызға тиіп отырғаны шығарманың әуел бастағы варианттарының жүканысы ғана деуге болады. Амал не, енді осыған да шүкіршілік етуге тура келеді.

Повестің ұнамды ерекшелігін айтатын болсақ, ең алдымен, оның шұрайлы, бай әдеби тілмен жазылғанын алдымен айтар едік. Шығарма былайша басталады: «Қыз ортасы ауган мезгіл. Таятқан тауының онтүстік бөктерінде үркердей болып, шағын-шағын екі ауыл отыр. Орис толы торт түлік малы да жоқ, донгелек қана дәулеті бар. Арқаның Бетбақ шоліне қараған осынау онірінде ұшқан құс, жүгірген аннан басқа қыбыр еткен жан иесі кездеспейді. Соған қарамастан екі ауыл жыл сайын бұл мезгілде осы арада отырады. Асқар таулы, қен оқкелі орелі озендердің орисі қен Арқаға сыймағандай, жылма-жыл күзде шұшақтың шоліне қарай шыға беретіні несі бұллардың? Не жетпейді? (Қорсетілген кітап, 5 кітап).

Осылайша байыпты, байсалды басталған әңгіме бізге шолді қоныстағы аз үйлі Шұбыртпалы руының тарихы мен тағдырын, сол елден шыққан, кейіннен Қенесары хан бастаған азаттық қозғалысына қатысып, халық қаһарманы дәрежесіне қотерілгені Ағыбайдың өмір кешулерін баян етеді. Ілгеріде сөз еткен аңыз, әңгіме, олендерде Ағыбай түлғасы эпикалық ер сипатында қорсетілсе, «Ағыбай батыр» повесінде орталық кейіпкер бейнесі нақтылы нанымдылыққа жетеді, батыр бейнесінің эволюциясы қорінеді. Ағыбай, оның анасы Қойсана, хан Қенесары, Наурызбай батыр түлғасы да сенімді жасалған.

Мунда өмір кайшылыктары, әлеуметтік тартыстар терең талданады. Агыбай ханның жортуылшысы денгейінде калып қоймай, өзіндік пікір, пайым-парасаты айқын, барлық оқиғалар тізбегінде өзгеше дараланған. Ол екінін бірінде-ақ ханның жалаң орындаушысы болмай, кыбылыстарға өз бағасын бере алатын, азаттық үшін күрес жолына саналы түрде түскен ер болып көрінеді. Агыбай дәуірдің объективті шындығына орай әрі мінездік ерекшелігіне сай бейнеленген. Оның ел мүддесін бәрінен жоғары қоя білетін көміл азаматтығы тартымды да сенімді суреттелген. Шығарма оқышы жұртшылықтың көдесіне жарайтын, тарихымыздың ең шытырман кезеңінің ақиқатын жеке адамның өмірі арқылы сипаттай алуымен қадірлі. Марқұм Ж.Алтайбеуының бұл кітабын оқыған әрбір адал ниетті азамат әдебиетімізге отаншылдық идеясымен нұрланған тартымды туынды қосылғанын мойындайды, шығарманың танытқыштық тәрбиелік және эстетикалық мәніне, тарихи тақырыпқа жазылған тамаша, тағылымды еңбектердің бірі екеніне ден қояды. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың мұңыраты қандай биік, нұрлы болса, «Агыбай батыр» сондай асқар идеяға бағышталған ел, дәстүр, тарих, намыс, ерлік дегендерді қасиет тұтуға қабілетті жандардың сүйікті кітаптарының бірі болатынына сенеміз.

Рахманқұл Бердібай

«Жұлдыз»